

"Халықтың нысаналы тобын және 2009 жылы олардың жұмыспен қамтылуы мен әлеуметтік қорғалуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды анықтау туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 17 маусымдағы № 140 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 шілдеде № 9-19-105 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықтың нысаналы тобын және 2009 жылы олардың жұмыспен қамтылуы мен әлеуметтік қорғалуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды анықтау туралы" (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9-19-94 тіркелген, 2009 жылғы 16 сәуірде "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) аудан әкімдігінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 58 қаулысына толықтыру енгізілді: "Халықтың нысаналы тобын және 2009 жылы олардың жұмыспен қамтылуы мен әлеуметтік қорғалуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды анықтау туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 58 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2009 жылғы 27 мамырдағы № 132 қаулысымен (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9-19-104 тіркелген, 2009 жылғы 16 шілдеде № 29 "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 13) тармақшасында "және жоғары" деген сөздері шығарылсын;

1-тармақтың 13) тармақшасында "жұмыссыз жастар" деген сөздерден кейін "жұмыс тәжірибесіз өткен жылдардың түлектері" сөздерімен толықтырылсын;

1-тармақтың 14) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар";

1-тармақ келесі мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л

ауданының әкімі

А. Сейфуллин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК